

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2023-2024 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің**

№4 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

29 қараша 2023 жыл

Сағат – 15:00

Сәрсенбі

Сенат залы

Катысқандар: Сенат мүшелері, Академиялық департамент директоры, Ғылым департаментінің директоры, Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы.

Күн тәртібінде:

2. Әртүрлі мәселелер:

2.1. Университет ОПК-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы (*Баяндамашы: Сенат хатшысы А.Куралбаев, регламент 5 минут*)

2.1.2. «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, экономика ғылымдарының кандидаты Тажибаева Райхан Мусаматовнаның аттестаттау ісін 50200 - Экономика және бизнес ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

Қаралды:

Сенат «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, экономика ғылымдарының кандидаты Тажибаева Райхан Мусаматовнаның аттестаттау ісін 50200 - Экономика және бизнес ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы мәселені қарады.

Сенат хатшысы А.Куралбаева «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, экономика ғылымдарының кандидаты Тажибаева Райхан Мусаматовнаның 50200 - Экономика және бизнес ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға ұсынған құжаттарымен, ғылыми және педагогикалық қызметімен таныстырды.

A.Куралбаева: Тажибаева Райхан Мусаматовна университетте 1996 жылдан бері қызмет етіп келе жатыр, жалпы жұмыс өтілі 26 жыл 10 ай, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 26 жыл 10 ай. 2010 жылдан 08.00.05 – «Экономика және халық шаруашылығын басқару (салалар мен қызмет бағыттары бойынша)» мамандығы бойынша экономика ғылымдарының кандидаты 12 жыл 11 ай, 2014 жылдан университеттің қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушысы 8 жыл 7 ай қызметін атқаруда.

50200 - Экономика және бизнес бағыты бойынша Тажибаева Райхан Мусаматовнаның 08.00.05 – «Экономика және халық шаруашылығын басқару (салалар мен қызмет бағыттары бойынша)» мамандығы бойынша экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алғаннан кейін 19 ғылыми еңбектері жарық көрген, оның ішіндег процентилі 35%-тен жоғары Scopus базасындағы журналдарда – 2; уәкілдегі орган ұсынатын басылымдарда – 10; отандық және шетелдік ғылыми журналдарда – 6; жеке авторлығымен жарияланған, көлемі 7,12 баспа табақ 1 монография жарық көрген.

Шығып сөйлегендер:

Сенат мүшесі, Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы PhD. Келесбаев Динмухамед Нурмаханбетович: «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, экономика ғылымдарының кандидаты Тажибаева Райхан Мусаматовнаның 50200 - Экономика және бизнес ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін өтініш жазғандығын және құжаттары кафедра мәжілісінің ұсынуымен факультет кеңесінің қолдауы білдірілгенін айтып етті:

Тажибаева Райхан Мусаматовна университетте 1996 жылдан бері кафедрада оқытушы, аға оқытушы және доцент міндетін атқарушы қызметтерін атқарып келеді. Университетте ғалым-педагог ретінде жас үрпаққа білім мен тәрбие беруде өз ісін жоғары деңгейде атқарды.

1996 жылдан бүгінгі таңға дейін «Экономикалық теория», «Экономика» және «Экономика, қаржы және есеп» болып өзгеріп келген кафедрасында қызметін атқарып келеді. Студенттер арасында өте қадірлі. Ұстаздық мейірімі мен орынды талабымен көзге түсті. Өз қызметіне жауапкершілікпен қарайтын тәжірибелі маман.

Аттестаттау ісімен танысып шықтым. Тажибаева Райхан Мусаматовнаның аттестаттау ісін 50200 - Экономика және бизнес ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуды қолдауларынызды сұраймын.


Ашық дауыс беру нәтижесінде **Сенат ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.1.2. «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, экономика ғылымдарының кандидаты Тажибаева Райхан Мусаматовнаның аттестаттау ісі 50200 - Экономика және бизнес ғылыми

бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімі ұсынылсын.

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Куралбаева



А.Куралбаева